



Мұғалімнің аты-жөні:	Канатова А.А.
Пән/Сынып:	Қазақ тілі, 5»а»-сынып
Қай аптаның нешінші сабағы	7-апта, 24 сабақ
Тарау немесе бөлім атауы:	8-бөлім: «Адамның сырт келбеті мен мінезі»
Сабақтың тақырыбы:	«Сыртқы келбет және тазалық»
Оқу мақсаттары:	5.2.6.1.Оқылым стратегияларын қолдану: жалпы мазмұнын түсіну үшін оқу, нақты ақпаратты табу үшін оқу. 5.4.4.3. Омоним, антоним, синонимдерді көркемдік ерекшелігіне сай қолдану.
Сабақ мақсаты:	Барлық оқушылар орындай алады: мәтінді оқиды, түсінеді және омоним, антоним, синонимдерді ажырата алады; Оқушылардың көпшілігі орындай алады: мәтінді нақты ақпаратты табу үшін оқиды, таныс және омоним, антоним, синонимдерді ерекшеліктеріне сай қолданады; Кейбір оқушылар орындай алады: мәтінді аналитикалық тұрғыдан оқиды, жинақы мәтін құрастырады, пайымдайды және омоним, антоним, синонимдерді көркемдік ерекшелігіне сай қолданады.
Бағалау критерийі:	• Мәтін мазмұны негізінде маңызды ақпаратты анықтайды. • Оқылым стратегияларын қолданады. • Омоним, антоним, синонимдерді анықтайды; • Көркемдік ерекшелігіне сай қолданады.

--

Ұжымдық жұмыс Жаңа тақырыптың түсіндірілуі	Бірлескен жұмыс (1, 2 тапсырма) Тапсырманы ұсыну және дұрыс жауапты ұсыну арқылы үйрету
--	---

Уақыты	Кезеңдері	Сабақтың мазмұны	Оқушы әрекеті	Ресурстар
1-2 минут	Қызығушылықты ояту	Сәлеметсіздер ме? Бүгінгі сабағымызға қош келдіңіздер! Бүгінгі сабақта: Сіздердің білетіндеріңіз: • Мәтін мазмұны негізінде маңызды ақпаратты анықтайды. • Оқылым стратегияларын қолданады. • Омоним, антоним, синонимдерді анықтайды; • Көркемдік ерекшелігіне сай қолданады.	Оқушылардың сабаққа дайындығы тексеріліп, назары сабаққа аударылады. Оқушылар сабақ мақсаты мен бағалау критерийлерін анықтайды.	Ғаламтор мәліметтері


		Топқа бөлу. Сыныпты түстер арқылы екі топқа бөлу. 		
2-3 минут		<u>Қызығушылықты ояту</u> - Балалар, суреттерге көңіл аударайық. - Кімдер бейнеленген? - Сыртқы келбеттеріне қарап адамды тануға бола ма?   <u>Оқылым алды</u> «Бұрыштар» әдісі. 1-бұрыш. Адамның сырт келбеті дегенді қалай түсінесіңдер? 	Суретке байланысты өз болжамдарын ұсынады. Сұрақтарға жауап беру арқылы жаңа сабақтың тақырыбын анықтайды. Оқушылар өздері таңдаған бұрышқа барып, сол бұрышта ілініп тұрған сұраққа жауап береді.	Суреттер Тапсырма қағаздары

	2-бұрыш. Сыртқы келбет пен адамның ішкі дүниесінің байланысы бар ма? (Оқушылар өздері таңдаған бұрышқа барып, сол бұрышта ілініп тұрған сұраққа жауап береді) Дескриптор: • Сұрақтарға байланысты өз пікірін білдіреді; • Өмір салтының адамның сыртқы келбетіне байланысын дәлелдейді; • Айтылған пікірлерге байланысты қорытынды шығарады. ҚБ «Шапалақ»  <u>ОҚЫЛЫМ ТАПСЫРМАСЫ</u> Тапсырма. Мәтінді оқып, мазмұны бойынша төмендегі тапсырмаларды орындаңыз. Адамның сыртқы келбеті мен киім киюі оның оның ішкі дүниесінен де хабар беріп тұратыны ертеден мәлім. Кез келген адамды бір көргенде-ақ оның көзі, қасы, беті, дене бітімі, қылығы, киім киісі саған әрқилы әсер етеді. Онымен танысып, әңгімелесіп, араласып кетпей тұрып-ақ, ол адам жөнінде өзіндік пікір де қалыптастырып үлгересің. Бұл- адамның сыртқы келбеті арқылы-ақ танып білу қасиеті. Әйтеуір, адамның сыртқы келбеті бір қарағанда не сүйсіндіреді, не одан жирендіреді, тіпті, таң-тамаша қалдырады. Адамның қадір-қасиеті мінез-құлқына қарай бағаланады десек те, оның талғамы мен өмір салтын сыртқы келбеті аңғартатыны анық. Кейде адамның сыртқы келбеті оның талай-тағдырына да әсер етеді. Өйткені адамның сыртқы келбеті тартымды болмаса, ішкі жан дүниесі көбімізді қызықтыра бермейтіні белгілі. Бұл өмірде адамдардың жан дүниесін танып білудің, әрқайсысының сана-сезімімен санаса келіп, олардың жеке-дара өзгешеліктерін түсіне білудің маңызы айрықша. Ол, әрине, өзара қарым-қатынас жасау, сыйласу барысында анықталатын жайттар. Осы жерде мына мақал-мәтелдерді айта кеткен жөн. «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен», «Жақсылыққа жақсылық- әр кісінің ісі, жамандыққа жақсылық- ер кісінің ісі», «Жаяуға жол алыс». Тек есте болатын бір жағдай, жеке адамның әртүрлі ерекшеліктерінің дамып, қалыптасуы оның өзі өмір сүріп отырған ортасына, ондағы қоғамдық		ҚБ  Топтық жұмыс. Оқылым тапсырмасын орындайды.
--	---	--	--

қатынастарға да тәуелді. Бірте-бірте мүлде бөгде өмір салты қалыптасады. Соған қарамастан, адам тану бойынша зерттеу жүргізушілер адамның сыртқы кескін-келбеті, жүріс-тұрысы, сөйлесу, сәлемдесу әдебі арқылы – ақ оның қандай мінезді, ақыл-парасатының, ерік-күшінің, белсенділігінің қаншалықты екенін аңғаруға болады деп есептейді.

«Кітапты қабына байланысты бағалама» деген сөздердің адамға қатысты да көп айтылатынын бәріміз білеміз. Алайда осы арада адамдардың пікірі екіге бөлінеді. Біреулері «сырт келбеттің ішкі әлемге еш қатысы жоқ» десе, екінші топтағылар «адамның сырт келбеті оның мінезін, ойын анықтайды» деп жатады. Адам баласы өмірге келгенде өзінің түрін, келбетін өзі таңдамайды. Бірақ өмір сүру барысында сырт келбетін дұрыс қалыптастырып, күтім жасауының арқасында бақыт құсын қолына қондырса, келбетінің кесірінен армандарын желге ұшырып алуы да әбден мүмкін. Сондықтан сыртқы келбетке аса мән берген жөн. Талғамды қашанда ақылға жүгіндіру қажет.

1-тапсырма. Мәтіндегі 4 маңызды ақпаратты кластерге түсіріңіз.



Дескриптор:

- мәтіндегі 4 маңызды ақпаратты анықтайды;
- анықталған ақпараттарды кластерге түсіреді;
- ойын дәлелдейді.

Оқушылар мәтіндегі 4 маңызды ақпаратты кластерге түсіріп, ойларын дәлелдейді.

ҚБ «Екі жұлдыз, бір тілек»

Сергіту сәті. Ойсергек: «Менің мамандығым...»

Топтар шеңбер құрып тұра қалады, өздері таңдаған мамандық рөліне еніп, өмір салты бойынша бір-біріне тілек айтады.

- Мен - ең жақсы дәрігермін, ауырмауыңызды тілеймін.
- Мен - бай банкирмін, менің банкімнен кредит алуға шақырамын.
- Мен - мықты мұғаліммін, сабақты жақсы оқуыңды тілеймін. т.с.с.

2-тапсырма ӘТН. Жұптық жұмыс. (Саралау тапсырмасы)

Оқылым мәтіні бойынша төменде берілген сөздердің қайсысының антонимін, синонимін, омонимін таба аласың? Кестені толтыр.

Сөздер	Омоним	Синоним	Антоним
жан			
әңгімелесу			
кию			
жақсылық			
үй			
келбет			

Дескриптор:

- Оқылым мәтініндегі сөздерді мағыналық топтарына қарай іріктейді;
- Берілген мысалдардың омонимдерін табады;
- Синонимдерін табады;
- Антонимдерін табады.

ҚБ «Екі жұлдыз, бір тілек»



ОҚЫЛЫМНАН KEЙІН

«Графикалық диктант» әдісі. Төменде берілген ойды керекті сөздермен толықтырып, жаз.


Екі топ бірін-бірі бағалайды.

Оқушылар жұптық тапсырма орындайды.

ҚБ



ҚБ



		Адамның сырт келбеті ... болмаса, ... жан дүниесі де көбімізді қызықтыра бермейтіні белгілі. Сөйлесіп көрмейінше, оның қандай адам екеніне көз жеткізу мүмкін емес. Десек те, ... кісі өзі туралы ... келбеті мен ... қылықтары арқылы айтып береді деп санаймыз. Адам баласы барлық уақытта ... келбетімен, ... мінезімен, ... қарым-қатынасымен ... болмақ. <i>Керекті сөздер:</i> көрікті, кез келген, қадірлі, сыпайы, жағымды, сыртқы, тартымды, жайлы, ішкі. Дескриптор: • Берілген ойды түсінеді; • Керекті сөздерді орынды қолданады; • Сөйлемдерді толықтырады. ҚБ «Шапалақ» Бекіту. «Идеялар тақтасы» стратегиясы.  «Идеялар тақтасы»бойынша тақырыпқа негіз болып отырған тірек сөздерді анықтап, жазып шығады. Әркім жазған тірек сөздерін ортаға шығып оқып береді де тақтаға жапсырып қояды.	«Графикалық диктант» әдісімен жұмыс жүргізеді.	ҚБ 
	Сабақтың соңы	Қорытынды ❖ Сыртқы келбет және тазалыққа байланысты басты қағидаларды меңгердіңіз; ❖ Мәтіннің жалпы мазмұнын түсіну үшін оқылым стратегияларын қолдандыңыз; ❖ Мәтіндегі негізгі ойды анықтадыңыз; ❖ Көтерілген мәселені қазіргі өмірмен байланыстырдыңыз; ❖ Омоним, антоним, синонимдерді көркемдік ерекшелігіне сай қолдандыңыз.	Сабақта алған білімдерін қорытындылайды.	

		Осы есіңізде болсын! Адам тану - даналықтың қайнар көзі. Ал мұның сыртында адамның киген киімі мен үйінің тазалығы, ұстаған құрал-жабдықтарының, көлігінің жағдайы, қатысатын ойын-сауығы, әуес әдет-ғұрыптары да оның жан дүниесінің айнасы. Жүсіп Баласағұни айтқан екен: «Кісі танымақ болсаң, ісіне қара», - деп. Ал адамдардың кейбірі сылтау, себеп айтуға ұялады, тіпті арланады да. Рефлексия: оқушылар өз ойын,сабақтан алған әсерін стикер арқылы жазып,тақтаға жабыстырады. Үй тапсырмасы:13-жаттығу.		
--	--	---	--	--